



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің депутаттарына,  
Қазақстан халқы Ассамблеясы  
сайлаған және «АМАНАТ»  
Партиясы» фракциясының мүшесіне**

2022 жылғы 15 желтоқсандағы № ДС-373

**Құрметті депутаттар!**

Сіздің жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ресми статистикаға сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша жол-көлік оқиғаларының (бұдан әрі – ЖКО) – 6%-ға (13 930-дан 14 834-ке дейін), оларда қайтыс болған азаматтардың – 7%-ға (2 270-тен 2 425-ке дейін) және жараланғандардың – 6%-ға (18 096-дан 19 135-ке) өсуіне жол берілген.

Талдау көрсеткендей, жолдардағы апаттылықтың статистикалық көрсеткіштерінің нашарлауы 2020-2021 жылдардағы пандемия кезеңінде бұрын енгізілген шектеулер, оның ішінде көлік құралдарының қозғалысы аясында орын алды.

2019 жылмен салыстырғанда ЖКО саны шамамен 11%-ға (16 614-тен 14 834-ке дейін), жараланғандар-14%-ға (22 180-ден 19 135-ке дейін) қысқарды, қайтыс болғандар саны іс жүзінде сол деңгейде қалды (+0,8%, 2 405-тен 2 425-ке дейін).

Бұл ретте соңғы жылдары еліміздің автопаркінің саны өсуде және бүгінгі күні 4,7 млн көлік құралын құрайды (2019 жылы – 4,1 млн бірлік, 2020 жылы – 4,2 млн бірлік, 2021 жылы – 4,3 млн бірлік).

Барлық ЖКО-ның 75%-ға жуығы елді мекендерде орын алады, «өлімге әкеп соғатын» ЖКО-ның жартысына жуығы қала сыртындағы трассаларда орын алады (2 592 ЖКО, оларда 1 108 адам қайтыс болып, 4 201 адам жараланды). Әрбір үшінші жол-көлік оқиғасы, қайтыс болған және жараланған әрбір төртінші адам жаяу жүргіншілерге тиесілі.

ЖКО-ның негізгі себептері жүргізушілердің жылдамдық режимдерін асыруы және жаяу жүргіншілердің Жол жүрісі қағидаларын (бұдан әрі – ЖЖҚ) бұзуы болып табылатындықтан, полиция тиісті ден қою шараларын күшейтті.

Ішкі істер органдары жылдамдық режимінің 3,1 млн астам бұзылуын (+20%) анықтады, жаяу жүргіншілер жол берген 280 мыңға жуық (+4,6%) жол құқық бұзушылықтарының жолын кесті.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бұзушылықтарды тіркеудің автоматты жүйелері (*бұдан әрі – БТАЖ*) өзінің тиімділігін дәлелдеді. Жолдарда барлығы 18 мыңнан астам БТАЖ орнатылды, оның көмегімен өткен жылы 5 млн бұзушылық анықталды, мемлекет бюджетіне айыппұл түрінде 33 млрд теңге түсті.

Халықаралық оң тәжірибені ескере отырып, бірқатар өңірлерде патрульдік автомобильдерді заманауи зияткерлік кешендермен жарақтандыру тәжірибесі енгізілді.

БТАЖ желісін дамыту шеңберінде «Қорғау – қауіпті жүргізуші» мобильді қосымшасы әзірленді, онда «Сергек» жүйесінің камералары мен ішкі істер министрлігінің (*бұдан әрі – ИМ*) Жедел басқару орталықтарының мүмкіндіктері интеграцияланған. Бұл нақты уақыт режимінде техникалық тексеруден өтпеген, сақтандыру полисінсіз пайдаланылатын, бағдарлары бойынша іздестірілетін және т.б. жалған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін пайдаланатын автомобильдерді анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда мұндай мобильді қосымшалар еліміздің барлық өңірлерінде одан әрі таратыла отырып, 11 қалада (*Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Түркістан, Өскемен, Петропавл, Қарағанды, Теміртау, Көкшетау және Орал*) енгізілді.

*Құқықтық мәдениет деңгейін арттыруға және барлық субъектілердің ЖЖҚ-ның талаптарын сақтауға қатысты*

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ЖЖҚ-ны насихаттау және оны бұзудың профилактикасы ерекше рөл атқаратыны белгілі.

Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылда жүйелі құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Жол қауіпсіздігі мәселелері спикерлерді шақыра отырып, телеарналарда кеңінен талқылануда, («Мәселе», «Апта», «Ақпарат», «Ашық алаң», «Бүгін», «Народный контроль», «Интервью» және «Сұхбат» бағдарламалары, «Qazaqstan», «Хабар» және «Хабар 24» мемлекеттік телеарналары, «Crime time. Чрезвычайные новости», «Akimat LIVE», «На особом контроле», «Оқиға орны», «112»), жаңалықтар блоктарында және танымал интернет-ресурстарда ЖКО орындарынан сюжеттер мен фоторепортаждар, талдамалық мақалалар мен сұхбаттар жарияланады, баспа басылымдарында тиісті айдарлар қолданылады.

2022 жылы жол жүрісі қауіпсіздігі мәселелері бойынша 4 мыңнан астам мақала жарияланды, теледидарда, радиоэфирде және ақпарат агенттіктерінің таспаларында 9 мыңнан астам сюжеттер мен хабарламалар жарияланды, 900-ден астам брифингтер мен баспасөз конференциялары өткізілді; көрнекі үгіт-насихаттың 3,3 мыңға жуық түрі жарияланды.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үдерісі шеңберінде балаларды құқықтық тәрбиелеуге ерекше назар аударылады, оның негізгі мақсаты теориялық білім алу және көше мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыстың тұрақты біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

ЖЖҚ оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда (*әр сыныпта 6 сағаттан*) және 5-8 сыныптарда (*әр сыныпта 10 сағаттан*) сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылады. Жоғары сыныптарда «Бастапқы әскери

және технологиялық дайындық» пәні бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың бірі ЖЖҚ-ны білу болып табылады. Оқу курстарына тұрақты негізде полиция қызметкерлері, автомектептер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері шақырылды. Мектептерде ЖЖҚ-ны білуді тексеруге арналған 3,3 мыңнан астам конкурстар және викториналар өткізілді.

Сонымен қатар, «Balapan» телеарнасымен ерте жастан бастап жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламалар ұйымдастырылды (*«Жолың болсын, балақай!»*, *«Көңілді көліктер»*, *«Бұзығым» және т.б.*).

Сонымен қатар «Balapan» телеарнасы кәмелетке толмаған балаларға жас кезінен бастап жолдарда қауіпсіз жүру мәдениетін қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламаларын ұйымдастырды

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге «102» мобильді қосымшасы арқылы бейнеқоңырау режимінде, әлеуметтік желілер бойынша, сондай-ақ ішкі істер органдарының ресми сайттарына ақпаратты жедел бере алатын азаматтар белсенді қатысады.

Өткен жылы азаматтардың 1,2 млн хабарламасы, оның ішінде 103 мың аудио және бейнеқоңырау келіп түсті және өңделді, олар бойынша тиісті ден қою шаралары қабылданды.

ЖЖҚ талаптарын сақтау және жазаның бұлтартпаушылық қағидатын қамтамасыз ету шеңберінде оң нәтиже беретін 12 республикалық және 160 өңірлік жедел-профилактикалық іс-шаралар (*«Жолда қабылдау»*, *«Автобус»*, *«Қауіпсіз жол»*, *«Назар аударыңыз – жаяу жүргінші»*, *«Мас жүргізуші» және т.б.*) өткізілді. Өткен жылы барлығы 7 млн 325 мың әкімшілік құқық бұзушылық анықталды (+7,3%), оның ішінде 37 мың – автобус жүргізушілері жасаған, әкімшілік тәртіпте 24 мыңнан астам жүргізуші қамауға алынды, соттармен 28 мыңнан астам адам көлік құралдарын басқару құқығынан айырылды, оның ішінде 128 автобус жүргізушісі.

*Қауіпті аймақтарда қозғалыс қауіпсіздігін, жарықтандыруды, бейнебақылауды қамтамасыз ететін жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын құру және қайта реконструкциялауға қатысты*

Республикалық және жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктерін ескере отырып, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жол инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту бойынша кешенін шаралар қабылдауда, оның ішінде автожолдарды I техникалық санатқа ауыстыру, көп деңгейлі көлік айрықтарын, жерасты және жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдерін салу, торлы қоршаулар орнату және т.б.

Мемлекет басшының тапсырмасына сәйкес «Күшті өңірлер – елді дамытудың драйвері» Ұлттық жобасы әзірленіп бекітілді, онда 2025 жылға дейін республикалық желі бойынша нормативтік жағдайдағы жолдардың үлесін – 100%-ға, жергілікті желіні - 95%-ға дейін жеткізу көзделген.

Қазіргі уақытта автожолдардың жалпы ұзындығы 96 мың км. құрайды, оның ішінде республикалық маңызы бар 25 мың км. және жергілікті маңызы бар 71 мың км.

Қарсы қозғалысты бөліп, жол қоршауларын орната отырып, 3 мың шақырымға жуық автожол қайта жаңартылды. Облыс орталықтары (*Қарағанды-Алматы, Жезқазған-Қарағанды, Атырау-Орал, Ақтөбе-Қызылорда және т.б.*) арасында 4 жолақты автожолдардың құрылысы жалғасуда.

Ең қарқынды учаскелерде 49 айналма жол (*Қарағанды, Көкшетау, Шымкент, Ақтөбе, Тараз, Талдықорған, Павлодар және т.б.*), сондай-ақ 33 көп деңгейлі жаяу жүргіншілер өткелдерінің құрылысы аяқталды. Қайта жаңарту аясында тағы 21 айналма жолдың құрылысы жүргізілуде (*Қарағанды-Балқаш-Алматы, Талдықорған-Өскемен, Қалбатау-Майқаташағай, Мерке-Турбайтал учаскелері*).

Халықтың пікірін ескере отырып, жарықтандыру және бағдаршам объектілері, сигналдық бағаналар, шу жолақтары, жарықдиодты және басқа да ескерту жол белгілері орнатылуда. 16 мың шақырымға жуық жол жарықпен қамтылды, 4 мыңнан астам бағдаршам нысаны, 484 мың жол белгісі, 500 жол буфері орнатылды, 5 мың шаршы метрден астам шу жолағы орналастырылды.

Жалпы еліміз бойынша 988 мыңнан астам бейнебақылау камерасы бар, оның 189 мыңы жедел басқару орталықтары мен полицияның кезекші бөлімдеріне шығарылды. Аталған камералар негізінен адамдар көп жиналатын орындарда, жолдарда, тұрғын үй алаптарының аулаларында, неғұрлым криминогенді және т.б. учаскелерде орнатылған.

Бейнебақылау камераларының желісін кеңейту жұмыстары жалғасуда.

Жол жүрісі саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде ІІМ жергілікті атқарушы органдармен және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-мен бірлесіп жолдар мен көше-жол желісіне үнемі тексеру жүргізеді, олардың нәтижелері бойынша жол жүрісін ұйымдастыруды жетілдіру, авариялық-қауіпті учаскелерді жою, сондай-ақ жол жүрісін реттеудің заманауи техникалық құралдарын енгізу жөнінде шаралар қабылданады.

Тексеру нәтижелері бойынша ішкі істер органдары анықталған кемшіліктерді жою жөнінде 39 мыңнан астам ұйғарым берді, 4 мыңнан астам лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Барлық кемшіліктер бойынша оларды жою жөнінде шаралар қабылданды.

*Халыққа көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыру саласында мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өзара іс-қимылын нығайтуға қатысты*

2022 жылы автобус жүргізушілерінің кінәсінен 382 ЖКО орын алып, 37 адам қайтыс болып, 639 адам жарақаттанды, оның ішінде ЖКО-ның 70%-дан астамы (275) тұрақты тасымалдау маршруттарында болған.

Жолаушылар көлігінің қатысуымен болған ЖКО-ны қысқарту және жолаушыларды тасымалдау қағидаларының сақталуын бақылауды күшейту мақсатында жыл сайын көліктік бақылау, төтенше жағдайлар жөніндегі инспекцияларының, әкімдіктер және қоғамдық бірлестіктердің қызметкерлерін тарта отырып, «Автобус» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіледі (*2022 жылы 4 рет өткізілді*).

Олардың нәтижелері бойынша қоғамдық көлік жүргізушілерінің 65 мыңнан астам ЖЖҚ бұзушылықтары анықталды, оның ішінде мас күйінде автобустарды басқару, жолаушыларды заңсыз тасымалдау, көлік құралдарын заңсыз қайта жабдықтау, оларды басқару кезінде ұялы телефондарды пайдалану және т.б. фактілер анықталды.

Автобус парктерінің, оның ішінде халықаралық және қалааралық тасымалдарды жүзеге асыратын, 600-ден астам лауазымды тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 200-ден астам рұқсат етілмеген тұрақтарды ұйымдастыру жұмысы тоқтатылды.

Көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыруды жақсарту шеңберінде 410 жосықсыз техникалық байқау операторларының қызметі тоқтатылды, айыппұл салумен 270 әкімшілік материалдар ресімделді.

Қазіргі уақытта 466 мыңнан астам адам жолаушылар көлігін жүргізу құқығына ие екенін (*«D» санатындағы жүргізуші куәлігі*), бұл ретте елде тіркелген автобустардың саны 62,5 мың бірлікті құрайтынын атап өту қажет. Осылайша, осы санаттағы жүргізушілердің жетіспеуінің проблемалық мәселелері жоқ.

Өз кезегінде, халыққа қызмет көрсету деңгейін және жүргізуші құрамының сапасын арттыру үшін ПМ тарапынан кәсіпкерлерге қажет болған жағдайда жүргізушілердің жұмыс режиміне, олардың еңбек жағдайларына, жалақы деңгейін арттыруға және т.б. қатысты мәселелерді қайта қарау ұсынылады.

Сонымен қатар, жолдардағы өлім-жітім деңгейінің төмендеуіне зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсетудің сапасы мен жеделдігі ықпал етеді. Осы мақсатта Төтенше жағдайлар министрлігінің 40 трассалық медициналық-құтқару пункті жұмыс істейді, 28 аудандық ауруханада көлік құралдарының үлкен ағыны бар автомагистральдарда орналасқан ауданаралық травматологиялық бөлімшелер ұйымдастырылған.

*Мектептер мен балабақшалардың айналасында қауіпсіздік аймақтарын ұйымдастыруға қатысты*

Талдау көрсеткендей, балалардың қатысуымен болған ЖКО-ның 90%-ға жуығы жүргізушілердің кінәсінен жасалады. Көп жағдайда зардап шеккен балаларды ересектер автомобильдерде тасымалдау ережелерін бұза отырып – арнайы ұстағыш құрылғыларсыз (*автокресло және т.б.*) немесе қауіпсіздік белдіктерін пайдаланбай тасымалдайды.

Сонымен қатар көбінесе жолдардың жанында абайсыздықтан (*ұялы телефондарды, құлаққаптарды және т.б. пайдалану*) жолдың белгіленбеген жерінен, бағдаршамның тыйым салу сигналына немесе жақын келе жатқан көліктің алдынан өту себептері бойынша балалар ЖКО кінәлілеріне айналады.

2022 жылы кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған ЖКО саны 15%-ға (*2 939-дан 3 385-ке дейін*), оларда қайтыс болған балалар – 24%-ға (*200-ден 248-ге дейін*) және жараланғандар – 20%-ға (*3 333-тен 3 989-ға дейін*) ұлғайды.

ПМ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жүйелі негізде жолдардағы балалар өлімін азайту, оның ішінде білім беру ұйымдарының жанында тиісті қауіпсіз инфрақұрылымды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауда.

Балалар білім беру мекемелері орналасқан аудандарында 6 мыңға жуық жаяу жүргіншілер өткелі, оның ішінде 1,3 мың реттелетін, сондай-ақ лабиринттік үлгідегі 5,6 мың жаяу жүргіншілер қоршауы, 3 мыңнан астам көлік тұрағы ұйымдастырылған.

Білім беру ұйымдарының жанында 4 мыңнан астам жасанды жол бұдырлары, 11 мыңнан астам «Балалар» жол белгілері орнатылған.

Оқу-ағарту министрлігінің ақпараты бойынша еліміздегі барлық мектептердің 85% жол жүрісі қауіпсіздігі сыныптары бар және олардың жартысына жуығы автотұрақтармен жабдықталған.

Қазіргі уақытта еліміздің барлық мектептері 100% бейнебақылау жүйелерімен жабдықталған. Жергілікті атқарушы органдар оларды лицензияланған күзетпен, полицияны шақырудың «дабыл» түймелерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ қолжетімділікті бақылау жүйелерін орнату жөнінде шаралар қабылдайды.

Жыл сайын көктем және күз мезгілдерінде «Назар аударыңыз-балалар!» жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізілуде. Оқу процесі басталғаннан кейін полиция нарядтарының патрульдеу бағыттары білім беру ұйымдарына барынша жақындайды.

2022 жылдың тамызында жаңа оқу жылына дайындық мәселесі бойынша Үкімет отырысы өтті, онда білім беру ұйымдарының объектілерінде кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде нақты шаралар талқыланып әзірленді.

Жалпы, елімізде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері 2022 жылғы 4 қазанда Үкімет отырысында қаралды, оның қорытындысы бойынша уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға бірқатар нақты тапсырмалар берілді.

Бұдан басқа, ПМ-мен Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қоғамдық (оның ішінде жол) қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі іске асыру стратегиясын айқындайтын, Қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

**Р. Скляр**



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан,  
избранным Ассамблеей народа  
Казахстана и члену фракции  
«Партии «АМАНАТ»**

На № ДС-373 от 15.12.2022 года

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно вопросов обеспечения дорожной безопасности, сообщаю следующее.

Согласно официальной статистике по итогам 2022 года отмечается рост количества дорожно-транспортных происшествий (далее – ДТП) – на 6% (с 13 930 до 14 834), погибших в них граждан – на 7% (с 2 270 до 2 425) и раненых – на 6% (с 18 096 до 19 135).

Как показывает анализ, ухудшение статистических показателей аварийности на дорогах произошло на фоне введенных ранее в пандемийный период 2020-2021 годов ограничений, в том числе по движению транспортных средств.

В сравнении же с 2019 годом число ДТП сократилось почти на 11% (с 16 614 до 14 834), раненых – на 14% (с 22 180 до 19 135), количество погибших практически осталось на том же уровне (+0,8%, с 2 405 до 2 425).

При этом за последние годы численность автопарка страны продолжает расти и на сегодняшний день составляет 4,7 млн ед. транспортных средств (в 2019 году – 4,1 млн ед., в 2020 году – 4,2 млн ед., в 2021 году – 4,3 млн ед.).

Почти 75% всех ДТП совершается в населенных пунктах, около половины «смертельных» ДТП происходят на загородных трассах (2 592 ДТП, в них погибло 1 108 и ранено 4 201 чел.). Каждое третье ДТП, каждый четвертый погибший и раненый приходится на пешеходов.

Поскольку основными причинами ДТП являются превышение водителями скоростных режимов и нарушения пешеходами Правил дорожного движения (далее – ПДД) полицией усилены соответствующие меры реагирования.

Органами внутренних дел выявлено более 3,1 млн нарушений скоростного режима (+20%), пресечено около 280 тыс. (+4,6%) дорожных правонарушений, допущенных пешеходами.

В обеспечении безопасности дорожного движения доказали свою эффективность автоматические системы фиксации нарушений (далее – АСФН). Всего на дорогах установлено более 18 тыс. АСФН, с помощью которых в прошлом году выявлено 5 млн нарушений, в бюджет государства в виде штрафов поступило 33 млрд тенге.

С учетом положительного международного опыта в ряде регионов внедрена практика оснащения патрульных автомобилей современными интеллектуальными комплексами.

В рамках развития сети АСФН разработано мобильное приложение «Қорғау – Опасный водитель», в котором интегрированы возможности камер системы «Сергек» и Центров оперативного управления Министерства внутренних дел (далее – МВД). Это позволяет в режиме реального времени выявлять автомобили, использующие подложные государственные регистрационные номерные знаки, не прошедшие технический осмотр, используемые без страхового полиса, разыскиваемые по ориентировкам и др.

На сегодняшний день такие мобильные приложения внедрены в 11-ти городах (Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Туркестан, Усть-Каменогорск, Петропавловск, Караганда, Темиртау, Кокшетау и Уральск) с дальнейшим распространением во всех регионах страны.

*Касательно повышения уровня правовой культуры и соблюдения требований ПДД всеми субъектами*

Важную роль в обеспечении безопасности дорожного движения играет пропаганда и профилактика нарушений ПДД.

В этой связи проводится системная праворазъяснительная работа во взаимодействии со средствами массовой информации. Вопросы дорожной безопасности широко обсуждаются на телеканалах с приглашением спикеров (программы «Мәселе», «Апта», «Ақпарат», «Ашық алаң», «Бүгін», «Народный контроль», «Интервью» и «Сұхбат» государственных телеканалов «Qazaqstan», «Хабар» и «Хабар 24», «Crime time. Чрезвычайные новости», «Акімат LIVE», «На особом контроле», «Оқиға орны», «112»), в новостных блоках и на популярных интернет-ресурсах освещаются сюжеты и фоторепортажи с мест ДТП, публикуются аналитические статьи и интервью, в печатных изданиях действуют соответствующие рубрики.

В 2022 году по вопросам безопасности дорожного движения опубликовано свыше 4 тыс. статей, освещено на телевидении, радиоэфире и лентах информагентств свыше 9 тыс. сюжетов и сообщений, проведено более 900 брифингов и пресс-конференций; издано порядка 3,3 тыс. видов наглядной агитации.

Особое внимание уделяется правовому воспитанию детей в рамках учебно-воспитательного процесса в общеобразовательных школах, основной целью которого является приобретение теоретических знаний и формирование устойчивых умений и навыков безопасного поведения на улице и дорогах.



Содержание учебного курса ПДД реализуется в 1-4 классах (по 6 часов в каждом классе) и 5-8 классах (по 10 часов в каждом классе) за счет классных часов и во внеурочное время. В старших классах одним из требований к уровню подготовки обучающихся по предмету «Начальная военная и технологическая подготовка» является знание ПДД. К учебным курсам на постоянной основе приглашаются сотрудники полиции, представители автошкол и общественных организаций. В школах проведено более 3,3 тыс. конкурсов и викторин на знание ПДД.

Кроме того, телеканалом «Balapan» организованы познавательные программы с целью привития культуры безопасного поведения на дорогах с ранних лет («Жолың болсын, балақай!», «Көңілді көліктер», «Бұзығым» и т.д.).

Активное участие в обеспечении безопасности дорожного движения принимают граждане, которые могут оперативно передавать информацию в режиме видеозвонка через мобильное приложение «102», посредством социальных сетей, а также на официальные сайты органов внутренних дел.

В прошлом году поступило и обработано 1,2 млн сообщений граждан, в том числе 103 тыс. аудио и видеозвонков, по которым приняты соответствующие меры реагирования.

В рамках соблюдения требований ПДД и обеспечения принципа неотвратимости наказания проведено 12 республиканских и 160 региональных оперативно-профилактических мероприятий («Приемная на дороге», «Автобус», «Безопасная дорога», «Внимание пешеход», «Пьяный водитель» и др.), которые дают положительный эффект. Всего в прошлом году выявлено 7 млн 325 тыс. административных правонарушений (+7,3%), в том числе 37 тыс. совершенных водителями автобусов, в административном порядке арестовано более 24 тыс. водителей, судами лишены права управления транспортными средствами свыше 28 тыс. чел., в том числе 128 водителей автобусов.

*Касательно создания и реконструкции пешеходной инфраструктуры, обеспечивающей безопасность передвижения, освещение, видеонаблюдение в зонах риска*

С учетом возможностей республиканского и местного бюджетов Министерством индустрии и инфраструктурного развития, а также местными исполнительными органами принимается комплекс мер по развитию и модернизации дорожной инфраструктуры, в том числе по переводу автодорог в I техническую категорию, строительству разноуровневых транспортных развязок, подземных и надземных пешеходных переходов, установке сетчатых ограждений и др.

В соответствии с поручением Главы государства разработан и утвержден Национальный проект «Сильные регионы – драйвер развития страны», где предусмотрено до 2025 года доведение доли дорог в нормативном состоянии по республиканской сети – до 100%, местной сети – до 95%.

В настоящее время общая протяженность автодорог составляет 96 тыс. км, из них 25 тыс. км республиканского и 71 тыс. км местного значения.

Реконструировано около 3 тыс. км автодорог с разделением встречного движения и установкой дорожных ограждений. Продолжается строительство 4-полосных автодорог между областными центрами (*Караганда-Алматы, Жезказган-Караганда, Атырау-Уральск, Актобе-Кызылорда и др.*).

На наиболее интенсивных участках завершено строительство 49 объездных дорог (*Караганда, Кокшетау, Шымкент, Актобе, Тараз, Талдыкорган, Павлодар и др.*), а также 33 разноуровневых пешеходных переходов. В рамках реконструкции ведется строительство еще 21 объездной дороги (*участки Караганда-Балхаш-Алматы, Талдыкорган-Усть-Каменогорск, Калбатау-Майкапшагай, Мерке-Турбайтал*).

С учетом мнения населения устанавливаются осветительные и светофорные объекты, сигнальные столбы, шумовые полосы, светодиодные и другие предупреждающие дорожные знаки. Охвачены освещением почти 16 тыс. км дорог, установлено более 4 тыс. светофорных объектов, 484 тыс. дорожных знаков, 500 дорожных буферов, размещено более 5 тыс. кв.м. шумовых полос.

В целом по стране насчитывается свыше 988 тыс. камер видеонаблюдения, из которых 189 тыс. выведены в центры оперативного управления и дежурные части полиции. Указанные камеры установлены преимущественно в местах массового скопления людей, на дорогах, во дворах жилых массивов, наиболее криминогенных участках и т.п.

Работа по расширению сети камер видеонаблюдения продолжается.

В рамках государственного контроля и надзора в сфере дорожного движения МВД совместно с местными исполнительными органами и АО «НК «КазАвтоЖол» регулярно проводятся обследования дорог и улично-дорожной сети, по результатам которых принимаются меры по совершенствованию организации дорожного движения, устранению аварийно-опасных участков, а также внедрению современных технических средств регулирования дорожного движения.

По результатам обследований органами внутренних дел выдано более 39 тыс. предписаний по устранению выявленных недостатков, привлечено к административной ответственности свыше 4 тыс. должностных лиц. По всем недостаткам приняты меры по их устранению.

*Касательно укрепления взаимодействия органов государственной власти и местного самоуправления в сфере организации транспортного обслуживания населения*

В 2022 году по вине водителей автобусов совершено 382 ДТП, в которых 37 человек погибли и 639 получили ранения, из них свыше 70% ДТП (275) произошли на маршрутах регулярных перевозок.

В целях сокращения ДТП с участием пассажирского транспорта и усиления контроля за соблюдением правил перевозки пассажиров ежегодно проводится республиканское оперативно-профилактическое мероприятие «Автобус» с привлечением работников инспекций транспортного контроля, по чрезвычайным ситуациям, акиматов и общественных объединений (*в 2022 году проведено 4*).

По их результатам выявлено более 65 тыс. нарушений ПДД, допущенных водителями общественного транспорта, в том числе факты управления автобусами в состоянии алкогольного опьянения, нелегальной перевозки пассажиров, незаконного переоборудования транспортных средств, пользования мобильными телефонами при их управлении и др.

К административной ответственности привлечено более 600 должностных лиц автобусных парков, в том числе осуществляющих международные и междугородные перевозки, пресечена организация работы свыше 200 несанкционированных стоянок.

В рамках улучшения организации транспортного обслуживания приостановлена деятельность 410 недобросовестных операторов технического осмотра, оформлено 270 административных материалов с наложением штрафов.

Следует отметить, что в настоящее время правом вождения пассажирским транспортом (*водительские удостоверения категории «D»*) обладают более 466 тыс. чел., при этом количество зарегистрированных автобусов в стране составляет 62,5 тыс. ед. Таким образом, проблемных вопросов нехватки водителей данной категории не имеется.

В свою очередь, для повышения уровня обслуживания населения и качества водительского состава со стороны МВД предпринимателям рекомендуется пересматривать по мере необходимости вопросы, касающиеся режима работы водителей, условий их труда, повышения уровня заработной платы и т.п.

Кроме того, снижению уровня смертности на дорогах способствует качество и оперативность оказания экстренной медицинской помощи пострадавшим. В этих целях функционируют 40 трассовых медико-спасательных пунктов Министерства по чрезвычайным ситуациям, в 28 районных больницах организованы межрайонные травматологические отделения, которые дислоцированы на автомагистралях с большим потоком транспортных средств.

#### *Касательно организации зон безопасности вокруг школ и детских садов*

Как показывает анализ, почти 90% ДТП с участием детей совершается по вине водителей. В большинстве случаев пострадавшие дети перевозятся взрослыми в автомобилях с нарушением правил перевозки – без специальных удерживающих устройств (*автокресла и др.*) либо без использования ремней безопасности.

Наряду с этим, зачастую из-за невнимательности (*использование сотовых телефонов, наушников и т.п.*) вблизи дорог, дети становятся виновниками ДТП по причинам переходов проезжей части в неустановленном месте, на запрещающий сигнал светофора либо перед близко идущим транспортом.

В 2022 году количество ДТП с участием несовершеннолетних увеличилось на 15% (*с 2 939 до 3 385*), погибших в них детей – на 24% (*с 200 до 248*) и раненых – на 20% (*с 3 333 до 3 989*).

МВД совместно с заинтересованными государственными органами на системной основе принимаются меры по снижению детской смертности на дорогах, в том числе обеспечению надлежащей безопасной инфраструктуры вблизи организаций образования.

В районах нахождения детских образовательных учреждений организованы почти 6 тыс. пешеходных переходов, из них 1,3 тыс. регулируемых, а также 5,6 тыс. пешеходных ограждений лабиринтного типа, более 3 тыс. стоянок транспортных средств.

Вблизи организаций образования установлено свыше 4 тыс. искусственных дорожных неровностей, более 11 тыс. дорожных знаков «Дети».

По информации Министерства просвещения 85% всех школ страны имеют классы безопасности дорожного движения и почти половина оборудованы автоплощадками.

В настоящее время все школы страны на 100% оснащены системами видеонаблюдения. Местными исполнительными органами принимаются меры по их обеспечению лицензированной охраной, «тревожными» кнопками вызова полиции, а также установке систем контроля доступом.

Ежегодно в весенний и осенний периоды проводятся республиканские оперативно-профилактические мероприятия «Внимание – дети!». После начала учебного процесса маршруты патрулирования нарядов полиции максимально приближаются к организациям образования.

В августе 2022 года состоялось заседание Правительства по вопросу подготовки к новому учебному году, где были обсуждены и выработаны конкретные меры по обеспечению безопасности несовершеннолетних на объектах организаций образования.

В целом вопросы обеспечения безопасности дорожного движения в стране рассмотрены 4 октября 2022 года на заседании Правительства, по итогам которого уполномоченным государственным и местным исполнительным органам дан ряд конкретных поручений.

Кроме того, по поручению Главы государства МВД ведется работа по разработке новой Концепции обеспечения общественной безопасности в партнерстве с обществом на 2024-2028 годы, которая определит стратегию дальнейшей реализации государственной политики в сфере общественной (в том числе дорожной) безопасности.

**Р. Скляр**